

А 2017
1269к

Сайлаубек
БАЙБОЛОВ



ӨМІР
ТАҒЫЛЫМЫ



**Сайлаубек
БАЙБОЛОВ**

ӨМІР ТАҒЫЛЫМЫ

00000000

Астана-2010 жыл

Султанов

УДК 821.512.122 - 94

ББК 84 (5 Қаз)

Б 17

Б 17 Байболов С. Өмір тағылымы. –
Астана. 2010, – 248 бет.

ISBN 978-601-254-075-8

Адам жасы ұлғайып, кемелденіп, кариялық келгесін өзінің өмір жолы туралы көп ойланады екен. Көрген қуаныштарыңа көңілің толып, қиыншылықтар мен қайғы-қасіреттерге жабырқайсың. Жіберген қателеріңді балаларың, немерелерің қайталамауын тілейсің. Сол жастарға тағылым, аз да болса сабақ болсын деп осы кітапты жаздым. Оның жарық көруіне жұбайым Рая, балаларым Әділ, Гүлжан, Балжан көп қозғау салды, себепші болды.

Өмірсерік Қапанұлы інім барды жинақтап, бір жүйеге келтіріп, кітаптың басылуына қолынан келген бар көмегін жасады.

Тұрсынбек Қазенұлы, Тоқтарбай Қапанұлы, Шаттықберген Жұмаділдәулы, Зейнолла Рахымұлы, Қоныс Дуанбайұлы тағы басқа ақылшы, қолдаушыларыма шын ризашылығымды білдіремін, өркендері өссін, мақсат, мүдделеріне жетулеріне тілектеспін.


УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

00340609

ISBN 978-601-254-075-8

© С. Байболов, 2010



Қазақ жерінің зиялы азаматтары кітабынан 2002 жыл

Байболов Сайлаубек Дүйсенбекұлының балғын балалық шағы соғыстың отты жылдарына тұспа-тұс келіп, талай қиыншылықтарды басынан өткізуге тура келді. Әрине бұл жағдай құрбылары сияқты ерте есеюіне, еңбекке ерте араласып, үлкендерге барынша көмектесіп, қолғабыс тигізуіне ұмтылдырды.

Адамдардың тағдыры әрқилы болғанымен көп жағдайда заманның ағымы, өскен ортасы мінез-құлықтың қалыптасуына, өмірді сараптап, одан өзінің тиісті орынын алуына көп әсерін тигізеді.

Әкесі Дүйсенбек майданға кеткесін анасы Сақыпжамал, ағасы Сапарбек екеуін қолынан келгенше жоқтықтың зардабын азырақ тарттыруға баркүш-жігерін аяған жоқ. Осындай ерен еңбектің, аналар тілегінің, әкелердің ерлігі арқасында соғыс жеңіспен аяқталды. Бірте-бірте тұрмыс түзеле бастады, халықтың көңіл-күйі көтеріліп, бейбіт еңбекке кірісіп те кетті.

Міне осы жағдайда Бестөбе қазақ орта мектебінің табалдырығын аттаған Сайлаубекке де өте бір ерекше қуаныш сезімін тудырды. Ол

кезде осы мектепте тоқығаны көп, өз істерінің шебері, білікті, көбіне ер азамат ұстаздар дәріс беріп, бірталай кейіннен үлкен атаққа ие болған шәкірттер тәрбиелеп шығарды.

Мектепті бітірісімен жас жігіт еңбекке араласып, осы кеніштегі екінші шахтаға жұмысқа кірді. Алтын өндіретін кеніштердің нағыз жұмыскерлік тәрбиесі келешекте өзінің көмегін, әсерін тигізбей қалған жоқ.

Нағыз қажырлылық, шыншылдық, жсалтандамай турашыл болу Қарағанды педагогика институтында оқып жүрген де, Ерейментау орта мектебінде ұстаз болып істегенде де, басқа жұмыстарда да Сайлаубек Дүйсенбекұлының қасиеттерінің бірі ретінде көріне бастады.

Кейін Ерейментау аудандық, Ақмола облыстық партия комитеттерінде жауапты қызметтер атқарып, Алматы жоғары партия мектебін бітірді. Тоғыз жылдай Алексеев аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқарды.

Осы жауапты орындарда істей жүріп халықпен кең араласып, тұрғындардың мұң-мұқтажымен, тұрмыс-жағдайымен жан-жақты танысып, келелі мәселелерді уақтылы шешіп отыруды күнделікті өмір тәртібіне енгізуді өзіне шарт ретінде қоя білді.

Сол кездегі еңбектес аудан басшыларымен бірігіп мектептердің, интернаттардың, балалардың жазғы демалыс сауықтыру орталықтарының, клубтардың, кітапханалардың, ауруханалардың,

сауда, тұрмыстық-қызмет көрсететін мекемелердің материалдық базасын жақсартып, жүйелі жұмыс істеуіне өз үлесін қосты. Ауданның іс-тәжірибесі бүкілкеңестік жасөспірімдердің еңбек бірлестіктерінің слётінде керсетілді.

Бұрын таратылып жіберген қазақ мектептерін қайта ашып, ұмытыла бастаған қазақ халқының келелі, тәрбиелік маңызы зор салт-дәстүрлерін қала, ауыл тұрғындарына кеңінен таратуға жасалған іс-шаралар да жалпы қолдау тапты.

Наурыз тойы аудан көлемінде ғана емес, әр ауылда, әр елді мекенде ұтымды өткізіле бастады. Жалпы жиі көрсетіліп жүрген ат бәйгесі, балуан күресі, келін түсіру, баланы бесікке бөлеу, тұсау кесу мен бірге ақындар айтысы, жиналғандар алдында асау үйрету, жалаңаш қолмен жілік сындыру, тай жарыста кеңінен қанат жая бастады. Бұрын орыс тілді деп айдар тағылған Алексеев ауданы жаңа заманда жаңа қыр-сырларымен көріне бастады.

Азаматтың осы аудандағы көп жылғы еңбегін бағалаған болуы керек Сайлаубек Дүйсенбекұлы 1990 жылы Ақмола облысының атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Бұл уақытта партияның беделі төмендеп, келелі мәселелерді бұрынғыша жалтақтамай кеңес қызметкерлерінің өзіне шешуге тура келді. Әрине ашық түрде болмағанымен бұрынғы билеп-төстеп үйреніп, жеке өздері басқарып қалған пар-

тия қызметкерлерімен ішінара тартысқа әкеліп соқты. Экономикасы дамудың орнына құлдырай бастаған, дағдарыстың табалдырығында тұрған еліміздің жағдайы да онша еместі. Міне осының, бәрі кадрларға ерекше жауапкершілікті жүктеді.

Кеңес идеологиясының жасандылығы, адамзат өміріне кереқарлығы көріне бастағанда өз тарихымызды терең оқып-тоқымай, өз мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, аталар дәстүрінің асыл қазынасын термей көрнекті келешекке ұмтылуға мүмкін еместігі айқындала бастады.

Сайлаубек Дуйсенбекұлы осы кезеңде облыста жаппай қазақ мектептерін ашуға, ұлт мәдениеті мен салт-дәстүрін дамытуға, аталар даңқын ардақтауға күш-жігерін жұмсай білді. Ақындар қатарын көбейту мақсатымен, олардың шеберлігін шыңдауға арнайы орталық ашылды.

Ақмолада қазақ музыка-драматургиялық театры ашылды, оған Қалыбек Қуанышбаев аты берілді. Бұл театрға қаланың партия комитетінің ғимараты берілді. Бұл қадамда тоталитаризмнен тәуелсіздікке өтудің ерекше белгісі тұрған жоқ па?

Аталар данқын ардақтауда қазақ тарихында алатын беделді орны бар. Бөгенбай батырдың 300 жылдық мерекесі ерекше өтті. Тек ат шаптырып, той жасау ғана емес Сайлаубек Дуйсенбекұлының ұсынысымен батыр бабамызға арналып республика ғылым академиясының ғалымдарының қатысуымен ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылып, кітапшалар шығарылды. Со-

нымен қатар деректі фильм түсіріліп, Бөгенбай батырдың жерленген жері Түркістанға барып, арнайы құран шығарылып, ас берілді. Бұл шара да партияның бар кезінде, елімізде бірінші болып, аталар рухына мұсылмандық тұрғыдан тағзым етілді.

Атқару комитеттері таратылып Сайлаубек Дуйсенбекұлы облыстық кәсіби білім беру саласын басқарды. Тәуелсіздіктің жалауы желбіреп, еліміз жаңа заманға аяқ басқанда бұл саланы да керексіз деп тапқандар аз болмады. Дегенмен Сәкең кәсіби– техникалық училищелерге егін екізіп, мал ұстатып, шағын бизнесті дамытып, өзін-өзі біршама қаржыландырып елімізге керекті жұмысшы мамандар дайындауды жалғастырды. Осы ұмтылыстың себебімен аталмыш оқу орындарының көпшілігі сақталып, білікті мамандар дайындауда. Дегенмен бұл сала жалпы білім беретін басқармаға қосылып жаңа міндеттер атқаруда.

Сайлаубек Дуйсенбекұлы өзінің бай өмірлік тәжірибесін бос қалдырмай жастарға үлгі болсын деп қалалық маслихатқа депутат болып сайланып тексеру комиссиясын басқарды.

Жаңа астананың келелі мәселелері, үлкен жоспарлары осы маслихат арқылы талқыдан өтетіндіктен бүгінде Сәкең олардың ел игілігіне қызмет ету мүддесіне өз үлесін қосып келеді.

Сайлаубек Дуйсенбекұлының өмірдегі негізгі принциптері моралдық, материалдық тұрғыдан таза жүру, шындықты, әділдікті жақтау,



адамдарға жақсылық жасау, еліне, халқына адал болу. Сондықтан болар Сәкен жұбайы Раямен үш баланың әкесі, жеті немерелерінің атасы, ағайын-туыстарына, осы өңірге сиы азамат. Балалары әке, ана жолын қуып жоғарғы білім алып, жеке жанұя құрып, қызметтерін атқарып жатыр. Бәрі де экономист, бухгалтер мамандықтарын меңгерген. Әділ — АҚ «Қазақстан темір жолында» бөлім меңгерушісі, Гүлжан — «Астана телекомда» бухгалтер, Балжан — Ұлттық банктің филиалында экономист болып істейді. Еңбектері мен елге қызмет етіп келе жатқан осы жанұяда ұрпақтар жалғасын тауып жатыр.



ӨМІР ТАҒЫЛЫМЫ

Адамзаттың даму заңдылықтары бүкіл ғаламның өзгеру процестерімен тығыз байланысты екенін білеміз. Бұл өмірге біз неге келдік, қалай тағдырымызға сәйкес берілген азды-көпті жасымызды еңсеріп келеміз, дұрысы мен бұрысының тепе-теңдігі байқала ма, алдымызда не күтіп тұр? – деген сұрақ кімді болмасын толғандырмай қоймайды. Жастау шағында бұл құбылыс ойыңа сирек оралғанмен, сақайған, егде тартқанда басқаша болады екен. Жылдар жылжып түрің өзгеріп, шашыңа, сақал-мұртыңа қырау шалып, күшің әлсізденіп, мінезің өзгереді. Сүйегің қатайып, етің қашып, мидың қабілеті кеми бастағанмен, жинаған мол тәжірибең сезім жүйесіне симай жастарға, туыстарыңа жеткізуге тіліңе орала береді. Мұндай халді түсінбеген жастар:

– Осы аталар мен әжелер неге тоқтаусыз ақыл айтқыш келеді, босқа уақытымызды алады, оларсыз да бәрін білеміз ғой – деп албырттықпен зілденетіні бар. Дайын жол сілтегенді тыңдамай өмірдің қалтарыс, бұлтарыстарында талай жайсыздықтарға кездеседі.

Қазақтың бір мақалы «Өзің білмесең, білгеннің тілін алмасаң, көрген күнің осы» – дегендей қолайсыз жәйттерді өзіміз де өткердік. Қазір жан-жағымызға іздеп қараймыз, орындарын сипалай-

мыз, бірақ ардақты әкем, аяулы анам, жасы үлкен аталарым, ағаларым, туыстарым қасымда жоқ. Неге күнделікті күйбеңнен аса алмай олардан өткеннің деректі уақиғаларын тәптіштер сұрап алмадым деп қиналамын.

Менің өмірімнен, замандастарымнан тағылым алсын деген ниетпен, жұбайым Рая, балаларым Гүлжан, Балжан, Әділдің, туыстарым мен жолдастарымның ақылын ескеріп естелік жазуға бел байлады. Кірісіп көріп едім мағынасына қарай өмір жолым екі ғасырдың тоғысын алып жатқасын емес, оқырмандарды қызықтыратын тарихи, жалпыхалықтық уақиғалармен ұштасып жатыр екен.

Жеке адамның өткен жолы аз да болса дәуір қатпарынан мағлұмат беретін көрінеді. Сондықтан маған аса жауапкершілік жүктеліп, алдымда болған өзгешеліктерді, атқарылған батпандай сынақтарды, көңілді шаттандырған қуаныштарды сол қалпында, шындықпен баяндау міндеті тұрды.

Әкем, анам, ағам, апам қоршаған ортам өзімді турашыл, шыншыл, бірбеткей қасиеттерімен тәрбиелегесін ешкімнің күнәсін орынсыз көтермеймін. Сан қилы уақиғалар желісі көптеген адамдардың қатысуымен, Кеңес Одағы мен жаңа тәуелсіздіктің алғашқы жемістері туралы жазылды.

– Өмірдің өр басына өрлеп келеміз– деп әкем Дүйсенбек, анам Сақыпжамал айтқандай, біз де сол жолмен жылжып келе жатқандаймыз. Үйткені, «ат тұяған тай басар» мақалының заңдылығындай ұрпақтардың қадамдарында қандай өзгерістер болып жатпасын, негізгі ұмтылыстың қайталануы болмаса да ұқсастығы болуы сөзсіз дүние.

Аталарымыз өз бастарынан батпандай басқан, жан дүниелерін жаныштаған, денелеріне сүліктей қадалған жокшылық, ашаршылық қырғын соғыс пен олардың зардаптарын атқарды. Әкелеріміздің тұтастарының миллиондары құрбан болып кетті. Естеліктерінің мағынасы бақытты өмір емес, заманның қаһарлы зұлымдығы мен қиянаты болатын.

Дүниетану ілімі моллалардан сабақ үйренуден басталып үлкенді, кішілі неше түрлі шытырман уақиғалармен жалғасқанын әсірелемей жеткізіп отыратын. Бұлардың қайғылы да зарлы қатарында қазақтың Ресей патшасына қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, аумалы-төкпелі ұлтымызға жайсыз тиген қызылдар мен ақтардың соғысы. Малымен күн көріп отырған қазақтардың 1928 жылғы конфискаға ілігіп, тұрмыс көзі малдан айрылуы. 1932 жылғы қазақтарды жаппай қырғынға ұшыратқан аштық. Одан бастарын көтерер көтерместе басталған Ұлы Отан соғысы. Азаматтар жаппай әскерге алынып, үйде отбасы, ошак қасындағы әйелдердің, қариялардың, балалардың белсенді шаруашылық жұмыстарын атқарып, майданды керек-жарақтармен қамтамасыз етуі. Жеңістің жемісін көру емес, зардабын түзетуге кірісу де оңайға түспегені белгілі. Әкелеріміз бен аналарымыздың өнеркәсіп, шахталарда 12-14 сағат жұмыс істеп, егінші, малшылардың күннің шығуы мен батуының арасында, демалыссыз, дамыл таппай қимылдағанын көзімізбен көріп қана қоймай, бұғанамыз қатпаса да еңбекке араластық.

1954 жылдан басталған тың игеру заманы да аталарымызға оңайға түсті деп айту қиын. Тыңның

мәнін әсірелеушілер де жиі кездеседі. Негізінен солай да болған шығар. Бірақ өзінің өмір салты ерекше қалыптасқан туыстарымызға, кең жайылымды, мал өсіруге машықтанғандықтан, сар даламызды керекті, кейбір жағдайда, керексіз жырту жайлы тиген жоқ. Бірге өсіп біте қайнаған көлдер суала бастады, тасқынды өзендер үйретілген асаудай сылдырлай ағуына шамалары келмей жатты. Тыңның экономикалық мәні зор болғанымен қазақтың болмысына, психологиясына, мінезіне көп жағдайда басқаша әсер етті.

Әсіре сілтеушілік тоқталып, тиышты жайлы заман келгенде небір түсініксіз жәйттар көп болды. Қанша еңбектенсе де біраз адамдар өмірге керекті қаражат таба алмады, ал жинағандары қажетті заттардың тапшылығынан құнсызданды. Міне ұлтымыздың сол ұрпақтарының көбі тәуелсіздік заманына жетпеді. Мұны айтып отырғаным, қазақ халқы тіпті бертінгі тарихымызда не көрмеді. Осыдан сабақ алғанымыз дұрыс шығар. Келесі ұрпақтар «өз қолы өз аузына жеткен уақытта» тәуелсіздіктің жемісін толығынан пайдаланып, елін, жерін көркейтіп, бақытты өмір сүрсе екен деген ой, тілек санамызға жиі оралады.

Ер жетіп, оң мен солыңды біле бастағанда өткенге сараптай қарап, жас кезіндегі жіберген қателіктеріңді мойындап, адамдарға жасаған жақсылықтарыңның жетіспейтін жақтарын толықтыруға тырысады екенсің. Алға қойылған мақсаттың айқайлап айтылмаса да, шындалып жазылмаса да түп тамыры адамгершілік, аталарымыз салған ақ жолмен жүріп еліңе, халқыңа лайықты қызмет ету. Солай жасай алдың ба, алмадың ба бұған қоршаған

ортаң бағасын беретіні сөзсіз. Ал тіпті жоғары ел билейтін деңгейге көтерілсең өз халқыңның сынына, немесе қолдауына ие боласың. Қысқасын айтқанда, бар болып жатқан уақиғалардың, жеке адамдардың қоғамдағы іс-қимылының барометрі көпшілік.

Өміріңнің әр кезеңін еске алсаң, тек қана қара басыңнан өткен фактілер ғана емес, бірге өскен жолдастарың, ағайын-туыстарың, сол елді мекендердің тұрғындары көз алдыға келіп тұрғандай болады. Кеңінен алып қарасаң бәрі өз халқыңның осы дәуірдегі өмірімен тығыз байланысты болып келеді. Ұлы Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» – деген сөзі келешектің кеңіне жетелейді. Ал сол кетікті таба алдың ба, алмадың ба, кірпіш болып қаландың ба, қалана алмадың ба, бағасын өзің бере алсаң бір ғанибет қой. Негізі осы жағдай әр адамның ойына түрткі, іс-қимылына бағдар болуы тиіс.

Еліміздің кен байлығы ұшан-теңіз екені бүгін дүние жүзіне белгілі болып отыр. Бастама-сы ертеректе басталған сияқты. Мысалы Ерейментауда, Бестөбе алтын кенішінің маңайында моңғол қазған төбелер, ағылшын қазған жерлер баршылық. Осы өңірде жергілікті тұрғындар, келімсектер алтын, көмір бар екенін қайдан білген деп таң қаласың.

Біздің аталарымыз 1932 жылғы аштықтың зардабын қатты тартқасын, мал бағу сол кезде тиімсіздеу болғасын бірнеше жерлерде ашыла бастаған кен өндіру өнеркәсібінің жұмысына кірісіп кетсе керек. 1939 жылы қазіргі Ерейментау қаласынан 15 шақырымдай қашықтықта атақты Қоржынкөлдің құмын жуып, алтын алып әке, шешеміз басқалармен

бірге еңбектенеді. Міне сол ертедегі Бөгенбай батыр қонысында мен дүниеге келіппін.

Қоржынкөл талай ақынның, суырылып шыққан кара сөз шешендерінің тілдеріне тиек болған қасиетті өлке. Себебі, табиғатының байлығы, сұлулығы мен көркемдігі кімнің болса да ойын толғантпай қоймайды. Көрген адамға шабыт беріп, жан-дүниені тебіреніп рахаттана қарайсың. Аялап, ыстықтасаң салқындататын, тоңсаң жылытатын әсер қалдырады.

Расында бір жағы қыраттар мен таулар ағаштармен көмкерілген, суы мөлдір, тұнық көл қазақтың кең даласына құшағын жайып жалғасып жатады. Маңайында сән түзеп тізбектеле созылып орналасқан Майкөл, Құрбет, Тойған көл, Қасқа ат, Ащылы көлдер бір ананың баласындай бірінің кереметтілігін, толқынды суын бірі толықтырып жағалай қонған елге сарқылмас су қоры, малға жайлы жайылым.

Қоржынкөл ежелгі Ерейменнің көркіне көрік қосқан, атағын асқақтатқан киелі мекен. Күннің жаймашуақ жарығы түскенде Қоржынкөл сол сиқырлы сәулелерді бойына сіңіріп, қоршаған ортасын сәулеттендіріп тұрады. Суының тұнық кезінде түбінен тас көрініп, шын тазалығын танытады. Осы қасиеттерінің арқасында айнадай жарқырап алыстан көз тартады. Асқақтаған асқар таулардың етегінен тасты жарып, ағаш, тал, шіліктерді суара аққан бірнеше сылдыр қаққан бұлақтар көлге құяды. Сондықтан болар жағасы тереңнен басталатын жағына шомылсаң судың салқыны кездеседі. Ал жазықтау жағына түссең жылылық мейіріммен қарсы алады.

Көлдiң кешкi көрiнiсi, әсiресе күн ұясына батардың алдында басқаша. Қоршап тұрған таулар, ағаштар көлдiң теп-тегiс бетiне бейне бiр табиғат салған суреттей көлеңкелерiн түсiрiп, бастарын иiп тұрғандай әсер қалдырады. Халық айтады «Алтын бар жерде, жын-шайтандар жүрмейдi» – деп. Бұл да көлдiң пәктiгiн, тазалығын бiлдiредi. Осы жазғандарымызды түйiндесек мұндай табиғатты қастерлей, қадiрлей, сақтай бiлу керектiгiн түсiнгенiмiз оған да, жалпы адамдарға да өте қажет.

«Қоржынкөлдiң түбiнде түйедей алтын жатыр» – деген аңыз ертеден ел аузында жүредi екен. Бұл негiзiнен текке айтылмаса керек. Себебi көлдiң тау жағы бiрден терең болып келедi. Жорамал бойынша, таудан аққан су жағаның құмын ылғи жуып түбiне алтын жиналуы мүмкiн. Бiраз уақыт үлкендерiмiз көлдiң алтынын жуып күн көредi. Көп кешiкпей бұл кәсiп жабылып дала кеншiлерiнiң көбi Бестөбе кенiшiне көшiп кетедi. Әкем Төртқұдыққа қоныс аударады. Осында тұрғанда әкем, немере ағам Қабдрашит әскерге алынып, майданға аттанады. Анам Сақыпжамал кiшкентай ағам Сапарбек екеумiзбен қалыпты. Жығылғанның үстiне жұдырық жасағандай жалғыз биесiн майданға қажет үшiн жергiлiктi басшылар соқыр тиын бермей тартып алады. Үй шаруасындағы анам жылай-жылай не iстерiн бiлмей қажиды. Жұмысқа түсейiн десе балалар жас, аздап жиған-тергенi таусылады. Басынан бұрын өткерген аштықтың қаһары жақындап-ақ келедi. Мiне осындай халде қалған жанұялар сол кезде аз болған жоқ. Аналар қайғысы балалар қасiретiмен жалғасып отты күндердiң жалынының шарпуына

іліккен көптеген адамдар жан тапсырғанын айтпаса да түсінікті жайт. Тірі қалғандары майдандағы ерлікті бейбіт ауылдарда ұштастырды. Сондықтан да шығар біздің бүгін жер басып, ұрпақ жалғастырып жүргеніміз. Жаңа кезеңнің азаматтары кітап арқылы осыны оқыса да, ойларына тоқуларын, ата-әжелеріне ризашылығын білдіріп, елін көркейтуге қомақты ат салысулары керек.

Басымыздан кешкен жағымсыз ауыр сынақты толқусыз жеткізу де қиын. Басарға жер, барар тауы болмаған анам, өзі де жас балаларымен қалған апам Әминаштың жанына Еркіншілік ауданының орталығы Благодат селосында жалғыз сиырына арба жегіп көшіп барады. Көрінген ағайынның үйінің бұрышын паналап, масақ жинап күн көріппіз. Қалған масақтың өзін тергізбей, жасырын барып жүрген анамыз талай рет жергілікті белсенділерден таяқ жепті. Бертін келе анам айтатын «Сен ерте есейген сияқтысың, үйткені екі жастан аз-ақ асқанда масаққа барғанда далаға шығарып, әйнектің алдына отырғызып кететінмін, сен мен келгенше орнынан қозғалмай отырушы едің» – деп. Сол уақыттан шала-пұла есімде қалғаны, дәмі аузымнан әлі кетпегендей болатыны, ол қуырылған бидайдың ұнынан жасалған ботқа, төңкерме.

Қандай қиыншылық болса да анам жалғыз қызыл сиырынан айрылмады. Оны арбаға жегіп шөп тасыды, сүтін бізге азық қылып беріп, жылда өсімін алып, бұзауларын іске жарататын. Дегенмен, жоқшылық, батпаңдай ауыртпалық қажытпай қоймады. Інісі Ержанұлы Қапан соғыстан жаралы болып Бестөбе кенішіне қайтып келіпті дегенді естіп, солай қарай жол тартты. Келісіп келсе керек

нағашым Благодатқа ағашқа келген машинаның жүргізушісіне бізді көшіріп алып кел деп тапсырыпты. Бұл 1943 жылдың жазы. Әлі есімде бір кішкентай қара ағаш жәшік, көрпелер мен жалғыз қыстөсек машинаға артылған ұзын қарағайлардың үстінде келе жатқанымыз. Нағашымның жақсылығының арқасында Бестөбе кеніші бізге бұрынғыдан көрі жайлы қоныс болғаны. Үйткені нағашым ұн тартатын үлкен диірменнің басшысы кем-тарларға көмегі зор тиді. Жетім-жесірлер бір шелек бидай тартуға әкелсе, одан көбірек ұн алып кететін. Нашарларға ретін тауып кейде жай да беретін. Бізге де көп пайдасы тиді. Анам шағын бизнеспен айналысып, кеніштің дүкендерінен әртүрлі ақ қағазды жылтыр қорғасынды, плиталы шайларды сатып алып Ерейментау өңірінің ауылдарына барып бидайға айырбастап әкеліп жүрді. Нағашым оны тартқызып беретін.

Өміріміз жақсарды дегенмен кішкентай екі бөлмелі үйде үш-төрт семья тұруға тура келді. Еңсесі төмен, әйнектері кішкентай үй тезекке жылынғанмен түн ортасына қарай суып кететін. Таңертең тұрғанда үйге күн сәулесі нашар түсетіндіктен пышақпен бір қабатты терезенің шынысының қырауын қырып алатынбыз. Түнге қарай жылу шықпасын деп пештің даладағы мұржасы жабылып қойылатын. Кереует жоқ, оның керегі де шамалы болатын. Үйдің тарлығынан бәріміз қатар-қатар жерде жататынбыз. Бұл үй әскердегі Әтек нағашымның әйелі, нағашы апамыз Сәбирәнікі болатын.

Заманның тарлығын, қиындығын сол аналарымыз өтірік, өсек айтпай жүректерінің кең-

дігімен келісіммен өмір сүруге өздері бейімді болып, жастарды соған тәрбиеледі. Бізге жасаған жақсылықтарын, аналық ерліктерін ұмытуға хақымыз жоқ. Жасымай, талмай сан-алуан қиыншылықтарды жеңіп шығуының бір тірегі өзара сыйластық, бірлік, жаратқанға сиынулары, бес уақыт намаздарын қалт жібермеулері шығар. «Алла жар берсе заман түзелер, бұдан да өтерміз» – деген асыл сөздері бәрімізге үлкен демеу болатын.

Қысылып-қымтырылып жерде салған төсекке жатқанда, көзіміз ұйқыға ілікпей тұрып, Сақыпжамал анам үлкенді-кішілі бес-алты балаға құранның аят, сүрелерінің қысқалауынан үйрететін. Есейгенде, тіпті бүгінгі күнге дейін жаттағандарымыз есте қалыпты. Қандай беделді қызметтерде жүрмейін жүрегімізге иман ұялатқан анамның сөздері, құранның қағидалары жебей жүрді деп ойлаймын. Тіпті Ленинизмнің құдай жоқ деген күшпен бойымызға сіңіргісі келген идеялары жан-дүниемізден орын таппады. Ана сөзі – алтын сөз, оны тот баспайды, ол сені әр уақытта алға бастайды екен.

Менің анам ерекше асыл, ескіше құранның білімі бар, ойлы, керек болса ызбарлы, табанды, айтқанынан қайтпайтын, шындықты қауіп-қатерге қарамай ағынан жарып айтатын турашыл адам болды. Ата қоныстары Ерейменнің шығыс жағындағы Кәрі тау, Дархан таулармен қатарлас Жуантөбе деген жер екен. Жан-жағы ағаштар қуа өскен таулар, көк майса жылғалардан аққан бұлақтардың сулары белуарға дейін өскен хош иісті түрлі шөптерді қамти бір жағы суы тұщы, балықты, кең көлемді

Майкөлге құйса, екінші жағы кезінде ағынды, арналы болған Өлеңтіге жетіп жығылады екен. Көресін де таңданасың. Шіркін қазақтың жері-ай қандай сұлу, қандай құнарлы. Осы таулар қалқан болып ертеде қыс кездерінде аталарымыз қардың жоқтығынан шананың орнына арбамен жүріпті деседі.

Мұндай суы мол, шөбі шүйгін жерлерде мыңғырған мал өсірген аталарымызға ынғайлы, өз жандарына жайлы болған екен. Әрине байлар мен кедейлерінің жағдайлары әртүрлі болғанымен, ешкімнің қарны аш, өзі киімсіз жалаң болмаған. Табиғатын көрсең көз тояды, жаныңды жандырып, асау, еркін ойларға жетелейді. Сондықтан болар осы табиғаттың ортасында өскен, содан нәр алған анам Сақыпжамал еркіндікті ұнататын, ешкімнен жасқанбай, айтқанын істеуге тырысатын. Інілерін Сәкен халпеге исламның қағидаларын, құран оқу мүмкіндіктерін үйретуге бергенде, туыстарынан қалмай өзі де сабақ алған. Әкесі Құлжан қызының еркіне, сұранысына көніп оқуға жіберіпті.

«Болар бала жасынан» – демекші анам осы ұмтылысының, талабының арқасында мұсылмандықтың шарттарын жақсы білетін. Күнделікті оқитын құраны қолынан түспейтін. Шала моллаларды қате оқығаны үшін жұрттың алдында ашық сынға алатын. Соғыстың сындарлы жылдарының қасіреті мен ауырлығын өз бастарымыздан өткесін тәртіп те, тәрбие де басқаша болған сияқты. Қыстың қақаған аязынан сақтанатын киетін жөнді киіміміз болмағандықтан отырып барлық балалар «Хан талапай», «бес тас» сияқты асықтармен ойын ойнап отыратынбыз. Мені аяп анам біреудің қалған ескі пимасын сұрап әкелді. Әлгінің табанын қолмен

тігіп, далада ойнауға маған берді. Қуанышым қойныма сыймай киіп алдым. Үйде ішім пысып отырғандықтан болар, далаға жүгіре жөнелдім. Табаны лезде түсті де қалды. Ащы өмір осылай біздің аяғымызға жоқтықтың кісенін салып еді.

Жарытып жейтін нан, ет болмайтын. Көршілерде кейде мал сойыла қалса ішек-қарындарын алып, бізге кеспе жасап беретін. Тегенеге құйылған сылдырлау кеспені шыныаяқтың кішкентай табағына үлкендер құйып бергесін терлеп-тепшіп, балдай құрметтеп ішуші едік. Сондағы сорпаның бетінде қалқып жүрген ащы шек, тұщы шектердің дәміне қазіргі жал-жаялар, қазы-қарталардың қасиеті тән сияқты. Үлкендер не көрмедік дегенде, байқасақ біз де солардың бейнеттерінің көлеңкесінде жүргендей көрінеміз. Жан асырау қамымен бірде анам екеуіміз Ерейменнен Бестөбеге жаяу келе жаттық. Аралары сонда 150 шақырымдай жер. Жолшыбай бір ауылға соғып едік, жуырда ат-арбалы жолаушылар жүріп кетті деген хабар алдық. Содан тез шығып анам екеуіміз көлігі бар адамды қуып жетуге ұмтылдық. Жүгіріп келеміз, жүгіріп келеміз, әбден шаршадық. Сондағы жаны қиналған сәби баланың айтқан сөзі: «Ана-ау, нағашымның үйі осы жерде болмаған екен, жетіп дем алар едік қой».

Сол нағашым Қапан ерекше жан еді. Бүкіл бесалты мың тұрғыны бар Бестөбе алтын кенішіне сыйлы болды, аты, атағы бірталай жерге жайылды. Дастарқаны жиылмай, үйінен қонақ кетпейтін. Халық сөзімен айтқанда босағасынан май ағып жататын. Талай есіктен сығалап, төрдегі отырғандардың әдейі атыңды атап болмаса пішінін

сипаттап, (қара бала, пұшық мұрын) шақырып, қабырға, жіліктерін қарны ашып жүрген балаларға беретін. Әрине, сүйсіне жеуші едік.

Біз тұрған үйде ағам Сапарбек менен екі-үш жас үлкен нағашы ағаларым Әтектің балалары, Балташ, Бүркіт болды. Балташ Қапан нағашымның енесінің тәрбиесінде болып, бірде келіп, бірде кетіп жүрді. Бүркіт менімен тетелес болғасын, төбелеске бармасақ та керісіңкіреп қалатынбыз. Балалардың кішісі болғандықтан ба Сапарбек ағам, Балташ екеуі мені қорғаштап жүретін. Кезекпен қой, ешкі, бұзау бағып өстік. Жазда аяғымызда киім болмайды, қап-қара болып жарылып кетеді. Табанымыздағы сүйел малдың тұяғы іспеттес қатаяды. Анда-санда аяғымызға кірген шыны, темірлерге қарамай, қанын күлмен немесе топырақпен тоқтатып жүре беретінбіз. Жаңбыр жауса жиналған сулар, шұңқырлар жүйрік ат болып желіккен балаларға ешқандай бөгет болмайтын. Қайта жыртық, жам аулы киімдермен жүрсек те жаңбырды жау, жауа түс деп шақыратынбыз. Тоя тамақ ішпей, дұрыс, жылы киінбей жүрсек те, табиғатқа жақынырақ болғынымыздан ба, әйтеуір сирек ауыратынбыз. Қызылша болып қатты ауырғаным ғана есте қалыпты.

Тұрмыс-деңгейіміздің төмендігі, үй-панамыздың нашарлығы, тамақ-киімнің жетіспеуі, қыстың қаталдығы, кіршендігіміз біздің замандастарымызға жоғарыдан берілген сынақ сияқты болғандай. Осы тізілген ауыртпалықтарды аналарымыз жеңілдетті ғой. Өздері тоя жемей тапқан тамақтарын бізге берді, жұпынылау жүрсе де бізді киіндірді. Шырылдап балапанын құтқару үшін жыланмен айқасқан